



228 МЫҢ ДАНА АҒАШ ЕГІЛМЕК

Кеше «Атамекен» өнер ордасының маңайында «Таза Қазақстан» экологиялық іс-шарасы өтті...

2-бет

КӨКЕЙКЕСТІ



КООПЕРАТИВ АУЫЛДЫ КӨРКЕЙТУДІҢ БІРДЕН-БІР ЖОЛЫ

«Ауыл аманаты» арқылы берілетін несиенің сыйақы мөлшерлемесі – 2,5 пайыз. Бұл – өте тиімді. Бірақ кооперативке берілетін жеңілдіктерге қатысты шикіліктер де жоқ емес. Мысалы, біз субсидиямызды ала алмай қалдық...

4, 5, 7-бет

ДАЛА-ҚАЛА



«АНАМ ҰЛ-ҚЫЗЫМДЫ АСЫҚ ОЙНАТЫП, ТӘРБИЕЛЕП ЕДІ»

«Әкенің балаға қалдырған мол байлығы – берген жақсы тәрбиесі» депті аталарымыз. Баласының беделді, ел сыйлайтын азамат болып өскенін армандамайтын ата-ана жоқ...

9-бет

ӘДЕБИЕТ ӘЛЕМІ

ҚАДЫРТАНУ ТАҒЫЛЫМДАРЫ

Ұлтына қызмет ету – әр азаматтың парызы. Қаламгер қауым да бұл қызметтен тыс қалмайды. Қаламына серт берген сөзден бастап осынау абыройлы міндетті қал-қадерінше атқаруға кірісетіні шындық. Ал сол міндетті жауапкершілікпен атқарып, абырой биігіне көтерілетіндер көп болмауы мүмкін...

10-11-бет

ORAL ÓNİRİ

№33 (21426)

Сейсенбі,

22 сәуір 2025 жыл

6+

Ертен – Ұлттық кітап күні



Оқушылар жүлделі оралды

Таяуда Қызылорда қаласында 9-11(12)-сынып оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың Қазақстан тарихы және құқық негіздері пәндері бойынша қорытынды кезеңі өтті. Білім бәйгесіне Батыс Қазақстан облысынан 8 оқушы қатысып, облыс намысын қорғады. Олимпиада қорытындысында Орал қаласындағы Д. Қонаев атындағы №44 мектеп-гимназияның 10-сынып оқушысы (құқық негіздері) Ильнара Базарбай мен С. Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының 11-сыныбында оқитын

(құқық негіздері) Шұғыла Мүтигелла I дәрежелі дипломға ие болды. Абай атындағы облыстық мамандандырылған мектеп-гимназия-интернатының 10-сынып оқушысы (Қазақстан тарихы) Орынбек Қазиханов II дәрежелі диплом, Ақпараттық технологиялар мектеп-лицей-интернатының 10-сынып шәкірті (Қазақстан тарихы) Асхат Алуа мен Бөрлі ауданындағы Ақсай қаласының №5 орта мектебінің 11-сынып оқушысы (Қазақстан тарихы) Анастасия Золотарь III дәрежелі диплом иеленіп, өңір абыройын асқақтатты.

Гүлжамал ЖОЛДЫҒАЛИ,
«Орал өңірі»



«SIM KIDS» іске қосылды



метінше, мұндай сим-карталар балаларды суицид, порнография, есірткі, онлайн-казино сынды интернет-қауіптерден қорғау функцияларымен жабдықталған. Аталған SIM-карта ата-аналарға баласының смартфонын бақылауға мүмкіндік береді: орнатылған қосымшаларды қадағалау, қауіпті сайттарға кіруді шектеу және бүлдіршінің телефоны үнсіз режимде болса да, қоңырау шалу мүмкіндігі қарастырылған.

Сынақ кезеңі аяқталғаннан кейін бұл сим-карталар еліміздегі барлық ата-ана үшін қолжетімді болады.

Өз тілшіміз

Елімізде кәмелетке толмағандарды ғаламтордағы зиянды контенттен қорғауға арналған «SIM KIDS» сим-карталары сынақтан өткізіліп жатыр. Бұл жобаны ҚР прокуратурасы TELE2/ALTEL байланыс операторымен бірігіп, Алматы қаласында пилоттық режимде іске қосты.

Қазақстан Республикасының Бас прокуроры Берік Асылвтың мәлі-

Шаңырағымыздың шамшырағы еді...

Таяуда редакциямызға ішкі істер құрылымының ардагері Құрманғазы Алхамұлы келді. Ол биылғы Жұмысшы мамандықтар жылы аясында анасы туралы естеліктерімен бөлісіп, қарапайым еңбек адамының ғұмыры туралы әңгімеледі. Агафия апайдың өмірі - еңбек-қорлық пен адалдықтың ғана емес, нағыз адам болудың үлгісі. Ол әрқашан жанынан жәрдем іздегендерге көмек қолын созып, қиындыққа мойымай, тіршіліктің барлық ауыртпалығына төтеп берген.

Агафия Телағысқызы Есеналиева 1935 жылдың 22 сәуірінде Ресей Федерациясының Саратов облысына қарасты Озинки ауылында дүниеге келген. Жергілікті мектептен білім алған. Әкесі ерте өмірден өтіп, екі бірдей бауырымен анасының тәрбиесінде болған. Анасына қолғабыс ету мақсатында еңбекке жастайынан араласып, теміржолда жұмыс істейді. 1954 жылы Алхам Есеналиевпен танысып, шаңырақ көтереді. Сол жылы жаңадан отау тіккен екі жас елге оралады. Әуелі «Қазақстанның 40 жылдығы» атындағы кеңшарда (қазіргі Атамекен ауылы), содан соң 1979 жылы қызмет бабымен Тасқала ауданы орталығына қоныстанады.

Әкем өмір бойы ұстаздық етті, ал анам кеңшардың әртүрлі жұмыстарын жасады. Еден де жуды, дүкенші де болды. Ол ешқашан жұмыс талғаған емес. Айта кетейін, анамның есімі Агафия болғанымен, бәрі оны Жұмағаным деп атайтын. Сол кезеңдерде кеңшарларда күзде қора майлаушы еді. Анамыз таңғы бесте атарбамен кетіп, түнгі онда үйге оралатын. Шаршадым, болды демейтін. Сонымен қатар көктем мен күзде қой қырку науқаны басталатын. 1960 жылдардың аяғында кеңшардың 40 жылдығына орай қой қыр-

қудан республикалық жарыс өтті. Мұндай сайыстар әдетте қой жүні сапалы, тығыз өсетін малды өңірлерде ұйымдастырылатын. Сөйтіп, қой қырқудан анам Қазақстанның екі дүркін чемпионы атанды. Бір күнде 100-120 қой қырқып, өзгелерден оқ бойы озық шықты. Бүкілодақтық кәсіподақтардың орталық кеңесінің (ВЦСПС) Құрмет грамотасымен марапатталып, Қара теңізге (Қырым) жолдама алды. Бұл - сол кез үшін үлкен жетістік еді. Ол өте еңбекқор жан еді. Ешқандай жоғары оқу орнын бітірмесе де, ақылына көркі сай, нағыз білімді болды. Отбасылық кіріс-шығыстың бәрін өзі есептеп отыратын.

Ол кісі орыс жерінде өскен, орыстіді болатын. Бірақ үйде қазақша сөйлесетінбіз. Содан анамыз «Абай жолы» роман-эпопеясын оқып, қазақшасын жақсартта бастады. Қазақ әдебиетінің небір жауһарларын кеміріп, бара-бара нағыз кітапқұмар болды. Әлі күнге дейін таңғаламын: әу баста қазақша сөйлемейтін адам кейін кітап оқып, түсінгенін қазақша әңгімелеп беретін. Сөз саптауы да, ой-өрісі де анық болатын.

Анамыз біздің тәрбиемізге ерекше мән берді. Тек тамағымыз тоқ, үстіміз бүтін болсын демеді, жан-жақты, шаруаға епті, білімге құштар болып өсуіміз үшін барын салды, - деп еске алды анасын Құрманғазы аға.

1995 жылы отбасы Орал қаласына қоныс аударады. Агафия апай мен Алхам ағай Ақырыс, Ерталап, Құрманғазы, Күләш, Рахима есімді үш қыз, екі ұл тәрбиелеп өсірген. Бәрі де жоғары білім алып, бүгінде әртүрлі салада қызмет етіп жүр. Кейбірі зейнет демалысында. Отбасының тірегі Алхам Хошымұлы 60 жасында дүние салған.

- Балалардың ішінде анама



ең жақыны мен едім. Жанымды да, сырымды да сол кісіге ақтаратынмын. Өте мейірімді, жаны жайсаң жан еді. Жүзінен нұр төгіліп тұратын. Ешкімді жат көрмейтін. Көмек қолын созуға әрқашан дайын тұратын. Дос-жараны көп еді. Зейнетке шыққан соң да қол қусырып отырмады. Тоқумен шұғылданып, жүн шұлықтар, қолғап, жемпір тоқитын. Бау-бақшаға ерекше ықыласпен қарайтын. Оның еккен көкөністері үнемі мол өнім беретін. Бізді де бала кезден еңбекке баулыды. Кеңестік кезеңде өскен бе, Кремльді көруді қатты армандайтын. Кейін ол арманы орындалды. Тіпті қызы Рахима және жиені Аидамен бірге Еуропа, Азия елдеріне саяхат жасап қайтты. Немере, жиендерінің, шөберелерінің қызықтарына тоймай, елжіреп отыратын. Олар да анам десе, ішкен асын жерге қоятын. Оның махаббаты мен мейірімі бәрімізге жететін еді... 2016 жылы 81 жасында өмірден өтті. Тірі болса, биыл 90 жасын тойлаушы едік. Анамның адамдығы туралы таңға дейін толғап айтуға бармын, - дейді Құрманғазы Алхамұлы.

Иә, Агафия (Жұмағаным) Есеналиеваның өмір жолы - бір әулеттің ғана емес, тұтас бір дәуірдің шежіресі. Оның қарапайым еңбекпен өрілген ғұмыры, отбасы мен қоғамға сіңірген еңбегі - кейінгіге үлгі боларлық. Осындай аналардың арқасында елдің іргесі бекіп, ұрпақ тәрбиесі кемелдене берді.

Жанерке ГИНАЯТ,
Орал қаласы

Еске алу

Жаңақала ауданының тұрғыны болған асыл жар, ардақты өке, жиен-немерелерінің сүйікті атасы **Бақтығали Қарменұлы Аспанбетовті** сағынышпен еске аламыз.

Егер арамызда болса, 17 сәуір күні 70 жасқа толар еді. Мәңгілік есімізде, жүрегімізде сақтаймыз.



Адам мәңгі жүрмейді бұл жалғанда,
Көнеміз ғой тағдырдың салғанына.
Көзімізге ып-ыстық жас келеді,
Ардақты өке, өзіңізді сағынып еске алғанда.

Еске алушылар: зайыбы Нұржамал,
бала-келіндері, қыз-күйеу баласы,
жиен-немерелері

«Желаев нан өнімдері комбинаты» акционерлік қоғамы өз акционерлерін қоғамның жылдық жалпы жиналысының өтетіні жөнінде хабардар етеді. Жиналыс 2025 жылғы 26 мамырда, сағат 15:00-де, мына мекенжайда өтеді: Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, өндірістік аймақ, Желаев, 24-үй, мәжіліс залы.

Жиналысты шақыруға бастамашы болған - «Желаев нан өнімдері комбинаты» АҚ директорлар кеңесі.

Қоғам акционерлерін тіркеу 2025 жылғы 26 мамыр күні, сағат 14:00-ден 15:00-ге дейін, жоғарыда көрсетілген мекенжайда өтеді.

Жиналысқа қатысу және онда дауыс беру құқығы бар акционерлердің тізімі 2025 жылғы 25 сәуірдегі жағдай бойынша жасалады.

Күн тәртібі:

1. 2024 жылғы жылдық қаржылық есепті бекіту.
2. 2024 жылғы таза табысты бөлудің тәртібін бекіту.
3. 2025 жылға аудит жүргізетін аудиторлық ұйымды айқындау.
4. Қоғам мен оның лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне қатысты акционерлердің өтініштерін қарау және оларды қарау нәтижелері туралы.
5. «Желаев нан өнімдері комбинаты» АҚ директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы.
6. ANSELMO (Италия) фирмасының ұзын макарон өнімдерін өндіруге арналған, сағатына 2000 келі өнім шығаратын аутоматтандырылған жоғары температура-лы желіні сатып алу мақсатында жалпы сомасы 3 000 000 000 (үш миллиард) теңгеден аспайтын, жылдық сыйақы мөлшерлемесі 2,5%, мерзімі 120 айдан аспайтын несиелік шарт ашуға және/немесе қарыз алуға қатысты «Aqjaiyq» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясынан» келісім алу туралы.
7. «Желаев нан өнімдері комбинаты» АҚ-ның аталған міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету үшін оған тиесілі жылжымайтын мүлікті кепілге беру туралы.
8. «Желаев нан өнімдері комбинаты» АҚ өз міндеттемелерін толық немесе тиісінше орындамаған жағдайда «Aqjaiyq» ӘКК-ге аталған мүлікті сот арқылы немесе сотсыз өткізуге келісім беру туралы.
9. «Желаев нан өнімдері комбинаты» АҚ атынан несиелік шарт ашу туралы келісімдерді, қарыз шарттарын, кепіл шарттарын, оларға қосымша келісімдерді және қарыз алуға қатысты өзге де құжаттарды рәсімдеу үшін директорға өкілеттік беру туралы.

Жиналысқа қатысуға қажетті кворум жиналмаған жағдайда, акционерлердің қайта жиналысы 2025 жылғы 28 мамырда, сағат 15:00-де, сол мекенжайда, сол күн тәртібімен өтеді.

Күн тәртібіне қатысты құжаттармен 2025 жылғы 25 сәуірден бастап мына мекенжайда танысуға болады: Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, өндірістік аймақ, Желаев, 24-үй.

«Батыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ Экологиялық кодексінің 96-бақырымының 2-тармағының талаптарына сәйкес, 2025 жылғы 30 сәуірден бастап 5 жұмыс күні ішінде «Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданы Покатилов ауылы маңындағы Барбас-тау өзеніндегі су қоймасын қайта жаңғырту» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық талқылау түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізіледі. Жоспарланған қызметтің бастамашысы:

«Батыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ. БҚО Орал қ., Сарайшық көшесі 47, эл. пошта: zko_forest@bko.gov.kz, телефон: 8 (7112) 24-09-76.

Бас жобалаушы: БҚО «Уралводпроект» ЖШС, Орал қ., Х. Чуринов к-сі, 119 НІ. Эл.пошта: urwodpr@mail.ru, телефон: 8 (7112) 53 51 64.

Түсініктемелер мен ұсыныстар беру үшін жобалық құжаттама пакетін Бірыңғай экологиялық порталда көруге болады.

«ORAL ONIRI» Батыс Қазақстан облыстық қоғамдық-саяси газеті. 090000, Орал қаласы, Мұхит көшесі, 57/1. E-mail: oral_oniri@inbox.ru

Меншік иесі: «Жайық Пресс» ЖШС

Бас директор Дархан ОРАЗОВ

Редакция алқасы:

Бас редактор Бауыржан ҒУБАЙДУЛЛИН

Нұртай ТЕКЕБАЕВ,

Гүлсезім БИЯШЕВА

(бас редактордың орынбасарлары)

Жаннат ЕСПОЛАЕВА (жауапты хатшы)

Бас директордың

қабылдау бөлмесі 50-30-14.

Бас редактор 51-25-80.

Бас редактордың

орынбасарлары 54-18-08.

Жауапты хатшы 54-38-22.

Жарнама қабылдау

тел./факс: 51-51-09.

Эл. пошта:

zhaikpress-reklama@mail.ru

Бухгалтерия 54-04-90.

Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Қолжазбаларға пікір айтылмайды және пайдаланылмаған хат авторларына жауап қайтарылмайды.

Деректердің дәлдігі үшін автор жауапты. Жарияланым

авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Редакция тапсырысымен жазылмаған материалдар үшін

қаламақы төленбейді. «Орал өңірінде» жарияланған мате-

риалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Мақалалар

электрондық нұсқада қабылданады.

Белгісімен жарияланған материалдар ақылы болып

есептеледі.

Газет облыстық «Oral oniri» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, беттелді.

«Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды.

Л. Толстой көшесі, 27/6. Телефон: 50-51-46

Индекс: 65428. Осы нөмірдің таралымы: 10880

4 баспа табақ, Газет аптасына екі рет шығады.

Корректорлар: Н. СҰЛТАНОВА, Р. АВДЕЕВ

Кезекші редактор: Г.ӘЖІГЕРЕЕВА

